

Мәслихаттың 2014 жылғы 14 қарашадағы № 193 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 39 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 маусымда № 6513 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 176 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 29.04.2024 № 176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына сәйкес, Әуликөл аудандық мәслихаты
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 14 қарашадағы № 193 "Тұрғын үй көмегін көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5209 тіркелген, 2014 жылғы 31 желтоқсанда "Әуликөл" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінде:

2, 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-уәкілетті орган) көрсетеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін көрсетілетін қызметті алушы " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалы- Қостанай облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Әуликөл аудандық бөліміне (бұдан әрі-Мемлекеттік корпорация) жүгінеді немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі - портал) балама негізде өтінішпен және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен (мемлекеттік

тіркеу тізілімінде №11015 тіркелген) бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

3. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде ұсынады-күнтізбелік 10 (он) күн.

Құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыру күні тұрғын үй көмегін көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті орган тұрғын үй көмегін көрсету нәтижесін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Ю. Волков

Д. Қойшыбаев

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік
мекемесі басшысы

_____ Жылыспаев А.А.

2016 жылғы 7 маусым